



# Жартыластан астамыналы протезбен ортопедиялық емдеу. 4-ші клиникалық кезеңі

---

Ортопедиялық стоматология пропедевтикасының  
модулі

Дайындаған: IV курс Ст 08-003-3 топ студенті

Махмутов Оркен

# Жартылай пластиналы протездің 4-ші клиникалық кезең

- Протездің технологиялық сапасын бағалау
- Протезді медикаментозды өңдеу
- Протезді шақтап, отырғызу
- Науқасқа кеңес беру. Протез қолдану шарттары.





# Протездің технологиялық сапасын бағалау

- Ең алдымен дәрігер протездің сапасын қарап тесеру керек, протездің жиектері дөңес келген, өткір қырлары болмау керек. Жұмсақ таңдайға қаратылған базистің шекарасы жіңішке болу керек, және тым ұзын болмуы керек. Себебі ол ұзын болса ол жерде саңылау пайда болады да, тамақ қалдықтары сол жерде жиналып қалады.

- Тіс аралық жылтырату деңгейін қарап тексеру керек. Полимеризация режимінің бұзылуы немесе полимер мен мономердің арақатынасының бұзылысы протездің негізінде поралардың, сызаттардың пайда болуына әкеледі. Жылтырату кезінде ол жерлерде жылтыратқыш масса толтырылып қалады да, протез эстетикалық жағынан әдемілігін жоғалтады.



- Кламмерлерді тексеру. Олардың ұштарына аса көңіл болу қажет. Өткір ұшты кламмерлер қауіпті, протезді ауз қуысына енгізген кезде олармен еріннің кілегейлі қабатын зақымдауға болады.
- Соңында протездің детальдары мен базисінің жылтырату деңгейін бағалап, жасанды тістерді тексереміз. Анатомиялық пішінін және түсіне қараймыз.



# Медикаментозды өңдеу

- Протезді суға шаямыз
- Пермонганат калий су ерітіндісімен (марганцовка)
- 70% спиртпен өңдейміз.





# Протезді шақтап, отырғызу

- Протезді орнына орнатқызу жиі қиындықтар туғызады. Ауыз қуысындағы қалған тістердің параллель емес орналасуы немесе жақын орналасқан тістердің жоғалуының нәтижесінде орнынан жылжуы протезді орнына отырғызуға кедергі болады. Сол үшін оны күшпен емес, ақырын орнына отырғызу қажет.

- Протез өз орнына емін еркін отыруы үшін біз көшірме қағазын пайдаланамыз. Оны протездің астына салып, кигізіп көреміз. Сосын шешіп қарағанда, протездің дұрыс отырылуына кедергі болатын базистің ішкі бетінде көшірме қағаздың іздері қалады.
- Протез базисі мен табиғи тістердің арасындағы мүмкін болатын сайларға да көңіл аудару керек. Ондай сайлар, протездің жасалғанға дейін ғаныштан жасалған мүсіннің сынып қалуынан болуы мүмкін.



- Протездің өз орнына дәл келетініне көзіміз жеткенде, бекіткіш (фиксирующий) элементтерді бағалаймыз. Ол үшін кламмерлердің тірек тістерде орналасуын, олардың тістің бетіне жанасу тығыздығын және беріктік қасиеттерін тексереміз. Осыған қоса кламмерлердің эстетикалық қасиеттерін тексереміз-күлген кезде кламмер иықтары ашыла ма жоқ па, және тірек тіс сауытының қай бөлігінде орналасқанын қараймыз.

- Келесі тексеретініміз, окклюзиялық арақатынас болып табылады. Ең алдымен орталық окклюзия кезіндегі жасанды тістер мен антагонист тістер арасындағы окклюзиялық түйісуін тексереміз.
- Көшірме қағазы арқылы ерте окклюзиялық түйісу анықталады. Жасанды тістердің окклюзиялық бетін тістің анатомиялық пішінін бүлдіртпей егеу керек. Ол үшін арнайы металл фрездер және фассонды головкалар қолданылады.



- Орталық окклюзия кезіндегі тістердің түйісуін түзеткеннен кейін, алдыңғы және бүйірлік окклюзияны тексереміз. Ол үшін көшірме қағазын алып, науқасқа шайнау іс-әрекетін жасатқызамыз.
- Ең соңында протездің эстетикалық жағын бағалаймыз: жасанды тістердің табиғи тістермен сәйкестілігі, олардың орналасуы, анатомиялық пішіні мен түсі.

# Науқасқа кеңес беру. Протез қолдану шарттары.

- Бірінші күндері науқас протезді бөгде зат ретінде қабылдайды, бірақ кейін ондай сезім жоғалады. Науқас протезге бейімделуі тиіс, сол үшін бірінші 2-3 апта оны шешпей, тәулік бойы киіп жүру керек. Тек қана тамақтанғаннан кейін, жуып алу үшін алынады.
- Протезбен ет, нан, көкөністер және басқа да күнделікті қолданылып жүрген тағамдарды жеуге болады, бірақ жаңғақ сияқты қатты тағамдардан бас тарту тура келеді.



- Науқас протезге бейімделіп, үйреніп алғаннан кейін, оны түнде ұйықтар алдында шешу керек. Протездің қызылиекке қараған бетін және жасанды тістерін тіс пастасымен жуу керек.
- Протезге ыстық су түспеу керек, себебі, ол деформацияға ұшырауы мүмкін.



# Қолданылған әдебиеттер:

- 1. Пропедевтика ортопедической стоматологии, Рузуддинов С.Р., Седунов А.А., Лобанов Ю.С. Алматы, 2010.
- [www.dentaltechnic.info/...protezy/...](http://www.dentaltechnic.info/...protezy/...)
- [aristocratdent.ru/protezirovanie/syomnoe\\_protezirovanie\\_zubov](http://aristocratdent.ru/protezirovanie/syomnoe_protezirovanie_zubov)



● Назарларыңызға рахмет!

